

## Бұзғаны үшін экімшілік жауаптылық белгіленетін Ережелер

### Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара аудандық мәслихатының 2002 жылғы 7 қазандағы N 20-161-II шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет басқармасында 2002 жылғы 9 желтоқсанда N 741 тіркелді. Күші жойылды - Шардара аудандық мәслихатының 2012 жылғы 12 маусымдағы N 23-171-IV шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Шардара аудандық мәслихатының 2012.06.12 N 23-171-IV шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 31 қаңтардағы N 156-II "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексіне және 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148-II Қазақстан Республикасындағы "Жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңына сәйкес аудандық мәслихат ШЕШІМІ:

1. Шардара ауданы аумағында санитарлық тазалық жұмыстарын ұйымдастыру, көріктендіру тәртібін сақтау, инфрақұрылымдық нысандар мен жасыл жеке тұрақтардың күтіп ұстаумен қорғау туралы Ережесі бекітілсін.

2. Аудандық мәслихаттың 2001 жылғы 26 маусымдағы "Бұзғаны үшін экімшілік жауаптылық белгіленген Ережелерді бекіту туралы" (Оңтүстік Қазақстан облыстық әділет басқармасында 09.08.2001 жылы 336 нөмірімен тіркеліп, 31.10.2001 жылы аудандық Өскен-өнір газетінде жарияланған) N 10-87-II шешімінің күші жойылсын.

*Сессия*                      *төрағасы*  
*Аудандық*                      *мәслихат*

#### *Хатшысы*

Шардара	аудандық	мәслихаттың	
7	қарашадағы	2002	жылғы
N	20-161-II	"Бұзғаны	үшін
әкімшілік		жауаптылық	
белгіленетін	Ережелер		туралы"
шешіміне қосымшасы			

**Шардара ауданы аумағында санитарлық тазалық жұмыстарын ұйымдастыру, көріктендіру тәртібін**

## **сақтау, инфрақұрылымдық нысандар мен жасыл желектерді күтіп ұстаумен қорғау туралы Ереже**

### **1. Жалпы ереже**

1. Шардара ауданы аумағында тазалық жұмыстарын ұйымдастыру, көріктендіру тәртібін сақтау, инфрақұрылымдық нысандар мен жасыл желектерді күтіп ұстаумен қорғау туралы Ереже Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы N 155-II "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексі және 1994 жылғы 27 желтоқсандағы N 269-XIII "Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі", Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148-II Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңына және 1997 жылғы 15 шілдедегі "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Заңына, сәйкес жасалып, Шардара ауданы аумағында тазалық жұмыстарын ұйымдастыру, көріктендіру тәртібін сақтау, инфрақұрылымдық нысандар мен жасыл желектерді күтіп ұстаумен қорғау саласында жеке және заңды тұлғалардың қарым-қатынасын реттейді.

Аудан төңірегінде қыс және жаз мезгілдеріндегі тазалық жұмыстарының жүргізулу тәртібі, тазалық жұмыстарын ұйымдастыруды қауіпсіздік Ережелерінің сақталуы, көшелердегі көлік, жаяу жүргіншілер қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары; тазалық пен көріктендіру Ережелерін сақтаудағы жауапкершілік; сыртқы жарықтандыру құралдары, жасыл желектер, ғимараттар және басқа да қала инфрақұрылымдары, құрылғыларының жағдайы, осы Ереженің негізгі мақсаты болып табылады.

2. Аудан аумағында тазалық жұмыстары жүйесі тұрмыс қалдықтарын тиімді, үнемді, мақсатты тұрде жинауды және тез арада алып тастауды (тұрғын үй және сауда мекемелері, қоғамдық тамақтандыру мен мәдени тұрмыстық сипаттағы кәсіпорындардан шығарылған тағам қалдықтары, канализация жүйелері қарастырылмаған ғимараттардың сұйық қалдықтары) және қыс, жаз мезгілдерінде көпшіліктің пайдалануындағы қоғамдық орындардың (қала және ауыл көшелері, аяқ-жолдар, тұрғын үй аулалары, базарлар, саябақтар аумағы) тазалығы жұмыстарын ұйымдастыруды қамтиды.

3. Аудан көшелерін тазалау мамандандырылған жергілікті атқарушы орган белгілеген тұлғага тапсырылады. Жеке тұрғын үй иелеріне өз аумақтарында тазалықты сақтау және қоқыс шығару жұмыстарын жүргізу өз күшімен немесе келісім-шарт негізінде мамандандырылған тұлғаларды тарта отырып орындау жүктеледі.

4. Аудан, ауыл ішіндегі көпшілік орындарының, көшелердің және аяқжолдардың тазалығы меншік түріне қарамастан осы аумақтарда орналасқан және жақын орналасқан мекемелерге, кәсіпорындарға, басқармаларға, дүңгіршіктер мен павильон иелеріне және тағы басқа сол сияқты орындарға;

саябақтар, бау-бақшалар, скверлер және оларға баратын жолдар тазалығы, осы объектілерді пайдаланушы мекемелерге; өндірістік кәсіпорын аумақтары, құрылыш аландары, қоймалар мен базарлар аумақтары және оларға апаратын жолдар тазалығы осы кәсіпорындарға; қала ішіндегі басқа аймақтардың (стадиондар, жәрменке өткізілетін орындар, базарлар, автотұрақтар, ауылшаруашылық тауарларының орындары) тазалығының жауапкершілігі сол жер иеленушілерге көрсетілген жұмыстарды жүйелі түрде өз күшімен немесе өз қаржысы есебінен келісім-шарт негізінде мамандандырылған арнайы кәсіпорын арқылы

жүргізілсін.

5. Жеке және занды тұлғалар өз меншіктеріндегі малдарды және қолға үйретілген жануарларды бақылауда ұстасын. Иесіз бос жүрген жануар жасыл желекті зақымдаған жағдайда оның иесіне ҚР ӘҚБТК кодексімен белгіленген айып салынады және бұл жағдайларда ҚР Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі" Кодекстің 246 бабының төмендегі талаптары басшылыққа алынатын

болады:

қараусыз немесе қаңғып жүрген малды және басқа да үй жануарларын немесе қолға үйретілген жануарларды ұстап алған адам оларды меншік иесіне қайтаруға, ал егер оның өзі немесе тұрған жері белгісіз болса, осында жануарларды ұстаған кезден бастап үш күннен кешіктірмей табылған жануарлар туралы милицияға немесе жергілікті атқару органына мәлімдеуге міндетті, олар меншік иесін іздестіру шараларын қолданады;

жануарлардың меншік иесін іздестіру кезеңінде жануарларды ұсташы адам оларды өзінің бағуында және пайдалануында қалдыруы, не ол бағу мен пайдалану үшін қажетті жағдайы бар басқа адамға тапсырылуы мүмкін.

Жануарларды ұстап алған адамның өтініші бойынша оларды бағу мен пайдалану үшін қажетті жағдайы бар адамды іздең табуды және оларға жануарларды беруді жергілікті атқару органы жүзеге асырады;

егер жұмыс малы мен ірі қараны ұстап алғаны туралы мәлімделген кезден бастап алты ай ішінде және басқа үй жануарлары жөнінде - екі ай ішінде олардың меншік иесі табылмаса және оларға өзінің құқығы туралы мәлімдемесе, бұл жануарларға меншік құқығы жануарларды бақкан және пайдаланған адамға көшеді;

бұл адам бағуында болған жануарларды меншігіне алудан бас тартқан жағдайда олар коммуналдық меншікке түседі және тиісті жергілікті атқару органы белгілейтін тәртіп бойынша пайдаланады;

жануарларды меншік иесіне қайтарған ретте жануарларды ұстап алған адам және жануарларды бағып, пайдаланып келген адам сол меншік иесінен жануарларды пайдаланудан алынған пайданы есепке жатқыза отырып, оларды бағуға байланысты өз шығындарына өтем алуға құқылы.

## **2. Тиым салу**

6. Жаңадан салынып, немесе жөнделіп жатқан ғимараттардың құрылыш жұмыстарын жүргізу кезіндегі құрылыш қалдықтары, қоқыстарын алуды үй салуға тапсырыс беруші үйымдастырады.

7. Құрылыш және басқа мекемелер, меншік түріне қарамастан өнеркәсіп жұмыстарын жүргізу кезінде, жер қыртысын бұзуға байланысты құнарлы жер қыртыстары қабатын сақтап қоюға, оны көгалдандыру құрылышына пайдалануға, сонымен қатар, құрылыш жұмыстары біткен соң, өз есебінен жұмыс жүргізу барысында бұзылған жер участкесі мен жасыл өсімдіктерді қалпына келтіру

ұснылсын.

8. Аудан аумағында ғимараттарды бұзу барысында құрылыш-қоқыстарын жинау және шығару жұмыстарын ғимарат иесіне тапсырылады.

9. Жасыл желек Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексімен қатаң түрде қорғалады. Өздеріне бекітілген аймақтарда занды және жеке тұлғалар жасыл желектердің сақталуын қамтамасыз етуге, ауылшаруашылық зиянкестерімен және аурулармен, зиянды арам шөптермен құресті өз күштерімен жүйелі түрде жүргізілсін.

10. Дүкендерде, дүңгіршіктерде, палаткаларда және бөлшек сауда павильондарында бос ыдыстарды, тауарлардың артық бөліктерін текшелеп жиуға және іргелес аумақты ол үшін қолдануға.

11. Аудан, ауыл аумағында көлік құралдарының, жаяу жүргіншілердің қозғалысына қауіп төндіретін орталық қөшелер бойына, аяқжолдар үстіне, балалардың ойын алаңдарына, тұрғын үйлерге баратын жолдар бойына және тұрмыс қалдықтарын жинап алғып кетуге кедергі келтіретін тұрғын үй аулаларына автокөліктердің қоюға және жөндеуге.

12. Жасыл алаңдарда (газондарда), гүлзарларда және басқа да жасыл желекті жерлерде көлік құралдарын қоюға.

13. Қөшелерде, аяқжолдарда, газондарда, үй қасбеттері алдында құрылыш заттарын шөп, ағаш, отын, көмір, улы химикаттар, металл сыйықтарын, минералды тыңайтқыштарды және басқа материалды жинауға.

14. Жолдың қозғалыс бөлігін, аяқ жолдар бөлігін, тоғандар жағалауын, құрылыш жұмыстарынан бос аймақтарды, жасыл өсімдіктер аймағын, сонымен қатар басқа да қоғамдық орындарды қоқыстың барлық түрімен (темекі қалдығы, қағаз, бөтелке) және тұрмыс қалдықтарымен ластауға.

15. Ғимарат құрылымдарын (жол төсөніш, жиек тас, құдықша қақпақтары, арықтар, кәріз, канал, лоток көрнекі қоршаулар) бұзуға, жасыл өсімдіктері таптауға және кесуге.

16. Кәсіпорын, мекеме төңірегіндегі көшелерде, тұрғын үй құрылымдары аумақтарында, гүлзарлар мен саябақтарда, газондарда, жапырақты, қоқысты жағуға (өртөуге).

17. Газондарды таптап жүргүге, жас ағаштар мен көшеттерді сындыру, үзу және қырқып, жұлап алуға.

18. Электр сымдарын, жол белгілерін және хабарландыруларды ағаштарға жалғау үшін пайдалануға.

19. Оңтүстік Қазақстан облыстық аймақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасымен келісілген ағаш қырқу ережелерін сақтамай ағаш діндерін қырқуға.

20. Көрнекі құралдарды, көшелер мен аяқжолдарды, суағарларды, байланыс және электр жүйелерін ауыз су және қашыртқы су құбырларын және басқа инфракұрылым нысандарын бұзуға немесе залалдауға.

Осы Ереженің талаптарын бұзуышыларға Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзуышылық туралы" Кодексінің 300; 387-баптарына сәйкес әкімшілік жауптылықта тартылады.